SAMRUK KAZYNA TRUST

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМЫТУ ҚОРЫ



# БИКТЕРГЕ БІРГЕ

## *МАЗМҰНЫ*

1 ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАҒЫ БИЗНЕС

3 БІЗДІҢ ТАРИХЫМЫЗ

10 БІЗ ӨЗГЕРЕ ОТЫРЫП, ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТЕМІЗ

12 ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК – ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

14 БІЗДІҢ ҚАМҚОРШЫЛАР

16 БІЗДІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫМЫЗ

22 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

24 АШЫҚТЫҚ ПЕН ЖАРИЯЛЫҚ

26 БІЗДІҢ СЕРІКТЕСТЕР

# ӘЛЕУМЕТТІК
# БАҒЫТТАҒЫ БИЗНЕС



“

«Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік әлемде қайырымдылық ретінде ғана емес, компанияның капитализациясын және іскерлік беделін арттыратын тиімді қызмет ретінде қабылданады. Бұл қоғамды, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саланы дамыту үшін бизнестің ерікті үлесі. Бұл бизнестің болашаққа деген саналы инвестициялары».

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

*Қазақстан Республикасының Президенті –*
*Ұлт көшбасшысы*

**«Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры – Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры**

# **БІЗДІҢ** МАҚСАТЫМЫЗ

Қазақстан Республикасының өркендеуіне, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға өзіндік үлес қосу

# **БІЗДІҢ** ҰСТАНЫМДАРЫМЫЗ

1. **Транспаренттілік**
2. **Жүйелілік**
3. **Маңыздылық**
4. **Тиімділік**



# **БІЗДІҢ** ТАРИХЫМЫЗ

—

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Ұлттық әл-ауқат қоры Қазақстандағы **ең белсенді** меценаттардың бірі болып табылады.

**2010 - 2015 жылдар** аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес компаниялары әл алуан саладағы қайырымдылық және демеушілік жобаларға қолдау көрсетті:

- **ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ**
- **МӘДЕНИЕТ**
- **САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ**
- **ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ**
- **ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС**

Аталған мерзім ішінде Қор әлеуметтік жобаларды **сапалы іріктеу жүйесін** қалыптастырып, **қаржыландыру тәртібінің жариялығын** және әрбір жобаның нәтижелігін қамтамасыз етті.



# 400 000 астам

**бенефициар** Қор компаниялар тобы тарапынан демеушілік және қайырымдылық көмек алды

## Қолдауға ие болғандар:

- Әлеуметтік жағынан аз қамтылған жандар;
- Ұлы Отан Соғысының ардагерлері;
- Мүмкіндіктері шектеулі адамдар;
- Науқас балалар;
- Белсенді жастар;
- Спорт қауымдастығы;
- Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері;
- Шығармашылық және ғылыми зиялы қауым;
- Бизнес және азаматтық қоғам өкілдері.



# ЖЕКЕ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ӨСІМ СЕРПІНІ

*Жылдан жылға «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауына ие болған әлеуметтік бағыттағы жобалар ауқымы ұлғайып келеді, осыған байланысты Қор тарапынан көрсетілетін қайырымдылық* ***көмек алушылардың саны да өсуде.***

Қайырымдылық шеңберінде бенефициарлар саны:







**3 380**
**адам көмек алды**

- Ардагерлерге көмек - Ардагерлер ұйымы Орталық кеңесімен бірлесіп
- Әлеуметтік жетімдікпен күрес – «SOS Балалар ауылдары» Корпоративтік қорымен бірге
- Инклюзивті қоғамды дамыту – «Дара» Қайырымдылық қорымен бірлесіп
- Тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың бос уақытын ұйымдастыру – «Замандас» Қоғамдық қорымен бірге
- Көмекке зәру балалардың өмір сапасын жақсарту – «Еркін Мейірімділік Қоғамы» Қоғамдық қорымен бірлесіп
- Науқас балаларды Қазақстанда сауықтыру үшін жағдай жасау – «Қасиетті жол» Қоғамдық қорымен бірге




2015 *жыл*








## КОРПОРАТИВТІК ЕРІКТІЛІК:

- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасындағы Спартакиада
- Астана қайырымдылық марафоны
- Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Жүректен жүрекке» іс-шарасы
- Су тасқынынан зардап шеккен Қарағанды облысының тұрғындары үшін гуманитарлық көмек
- Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету;
- Халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтарына көмек
- Жаңа жыл мерекесі қарсаңында «Тілек шыршасы» іс-шарасы.

«Самұрық-Қазына» АҚ және еншілес компаниялардың **қызметкерлері** компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ұстанымдарына ортақтас болып, экологиялық және қайырымдылық акцияларға, сондай-ақ корпоративтік спорттық іс-шараларға **белсене қатысады.**





# **БІЗ ӨЗГЕРЕ ОТЫРЫП,** ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТЕМІЗ

«Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық және операциялық қызметінің тиімділігін көтеру мақсатында 2014 жылы Қор компаниялар тобында **Бизнесті трансформациялау бағдарламасы** бастау алды. Бұл бағдарлама бизнес үрдістерді жаңартуды, бұған қоса мемлекеттік органдар мен қоғаммен өзара әрекеттесу тетіктерін өзгеруді талап етеді. Трансформация корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласына да ықпал етті.

**2016 жылдың қаңтар айында еліміздегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді жүйелі түрде шешуді көздейтін «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры құрылды.**

«Samruk-Kazyna Trust» өз қызметін жүзеге асыру барысында Қордың **Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасына,** сонымен қатар **мемлекеттік органдар тарапынан берілген мәліметтерге сәйкес Даму картасын** жетекшілікке алады.



# ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК – ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

«Samruk-Kazyna Trust» үкіметтік емес сектормен және мемлекеттік органдармен **тығыз қарым-қатынас** жасай отырып, әлеуметтік әріптестік жобаларын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай қалыптастырмақ.

## БІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІМІЗ:

- Қайырымдылық жобаларды жүзеге асырудың жүйелігін қамтамасыз ету;
- Аймақтардың ерекшеліктерін ескеріп, республика деңгейіндегі әлеуметтік маңызы бар жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ұстанымдарына сай жұмысты қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік инвестицияларды тиімді басқару.

## АЛДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ:

- Әлеуметтік әріптестік жолымен қоғамның әр алуан салаларында әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешу;
- Әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруда қоғамдық ұйымдар тарапынан белсенділікті көтеру;
- Адам әлеуетін дамыту, халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде жергілікті атқару органдары мен үкіметтік емес сектор өкілдерінің кәсіби дағдыларын жетілдіру;
- Әлеуметтік мәселелерді шешуде халық сауаттылығын жақсарту;
- Еріктілер қозғалысын дамыту;
- Қазақстандықтардың әлеуметтік оптимизм деңгейін көтеру.



SAMRUK KAZYNA TRUST

# **БІЗДІҢ** ҚАМҚОРШЫЛАР



**Кәлетаев
Дархан Аманұлы**

«Самұрық-Қазына» АҚ коммуникациялар жөніндегі Басқарушы директоры



**Тәжібаев
Ұлан Қалмұқанұлы**

«Самұрық-Қазына» АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі Басқарушы директоры



**Оразалиев
Нұрлан Бекзадаұлы**

«Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік жобалар қызметінің жетекшісі



**Иксанова
Гүлнәр Мұстахимқызы**

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, экономика ғылымдарының кандидаты



**Сұлтанов
Қуаныш Сұлтанұлы**

Қазақстанның саяси қайраткері, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, саясат ғылымдарының докторы



**Майкл Пейн**

«Payne Sports Media Strategies» компаниясының басшысы, «Астана» Президенттік кәсіпқой спорт клубы» Корпоративтік қорының стратегиялық серіктесі



# **БІЗДІҢ ЖАҢА** БАҒЫТЫМЫЗ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыру аясында үздік әлем үлгілерін зерттей келе

Демеушілік және қайырымдылық қызметті жүйелендіру саласында жинақталған өзіндік ерекше тәжірибеге сүйене отырып

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен салалық мекемелерімен тығыз қарым-қатынас жасау арқасында

# БІЗ АЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАДЫҚ



1

## Әлеуметтік және медициналық секторда адамдарға, бірлестіктерге көмек көрсету

Ағымдағы қызмет көрсету үшін қаржылық қиындықтарға тап болған емдеу, балаларға арналған және өзге әлеуметтік мекемелерге қолдау көрсету жөніндегі жобалар;

Азаматтардың денсаулығын сақтау және аурулардың алдын алу саласындағы қызметке қолғабыс ету, сонымен қатар салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтардың рухани-психологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі жобалар;

Әлеуметтік даму, денсаулық сақтау және білім беру салаларында еңбек ететін қызметкерлердің біліктілігін және беделін арттыру жөніндегі жобалар.

## Медиа, мәдени қауымдастықты дамыту, адам әлеуетін дамыту

Үздік академиялық үлгерімі бар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған жастарға, халықты әлеуметтік қолдау және денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, білім беру салаларында еңбек ететін қызметкерлерге материалдық, қаржылық, техникалық және өзге көмек көрсету жөніндегі жобалар;

Білім беру, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту, азаматтық қоғамды қалыптастыру салаларындағы қызметке қолғабыс ету жөніндегі жобалар;

Денсаулық сақтау, педагогика, тәрбие беру және оқыту әдістемесі және өзге салаларда ғылыми, ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді ұйымдастыру және қолдау жөніндегі жобалар;

Мамандандырылған мекемелерге, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі азаматтарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін мекемелерге қолғабыс ету жөніндегі жобалар;

Бұқаралық спортты, жоғарғы жетістіктер спортын және спорттық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралар.





3

## Еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды нығайту, қоғамның тұрақты дамуына инвестиция салу

Түрлі ұлт өкілдері арасында бейбітшілік, достық пен келісімді нығайтуға, және әлеуметтік, еңбек, ұлтаралық, діни жанжалдардың алдын алуға атсалысу жөніндегі жобалар;

Оңтайлы ұлтаралық, мәдениаралық және конфессияаралық байланыстарды дамыту, этномәдени сауаттылықты көтеру жөніндегі жобалар;

Конференцияларды, форумдарды, дөңгелек үстелдерді, баспа қызметін және тағы басқаларды өткізу және қаржылай қолдау жөніндегі жобалар;

Қоғамдық маңызы бар бастамаларды қолдау жөніндегі жобалар;

Тарихи, мәдени немесе табиғатты қорғау жағынан маңызы бар нысандарды және аймақтарды тиісті деңгейде ұстау жөніндегі жобалар.

4

## Аймақтық және бизнес бастамаларды қолдау

Қордың қоржындық компанияларының қосымша құнын қалыптастыру жөніндегі жобалар;

Жаңа жобаларды алға тартатын стартап алаңын құру жолымен қазақстандық экономиканы әртараптандыру жөніндегі жобалар;

Қазақстан аймақтарын дамытуға бағытталған жобаларды қолдау.



5

## Дүниежүзілік кәсіпқой спорт сахнасында «Астана» беделін көтеру

Кәсіпқой спорт және спорттық маркетинг салаларында Қазақстан және «Астана» беделін көтеріп, әлемге танытатын жобалар.



# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік маңызы бар мәселелерді **нәтижелі, жүйелі әрі адал** шешуге талпынатын Қазақстан Республикасының үкіметтік ұйымдары арасында **байқау негізінде өтетін Пайдаланушыларды іріктеу** арқылы қайырымдылық **жобаларды** жүзеге асырады.

**НӘТИЖЕЛІ,**

**ЖҮЙЕЛІ,**

**АДАЛ.**

Байқаулық іріктеу **бәсекелестік, ашықтық және жариялық** ұстанымдарын қамтиды.

Қайырымдылық көрсетудің және бақылаудың Ережелеріне сәйкес тапсырылған өтініштер құрамына қоғам қайраткерлері мен әртүрлі саладағы қазақстандық және халықаралық сарапшылар енген «Samruk-Kazyna Trust» **Сарапшылық-консультативтік кеңесі** қарауына жіберіледі.




## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРЫ





# **АШЫҚТЫҚ ПЕН** ЖАРИЯЛЫҚ

Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры бенефициарлар, серіктестер, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекет пен қоғам, жалпы **барлығы үшін ашық.**

## «Samruk-Kazyna Trust» ақпараттық саясаты үш кезең бойынша жүзеге асырылады:




Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қызметі жайында ақпарат **бұқаралық ақпарат құралдарында,** ғаламтор кеңістігінде, әлеуметтік желілерде кеңінен таратылады.
Қоғамдық ұйымдар арасында қайырымдылық жобаларды жүзеге асыру үшін өткізілетін **байқаулық іріктеу талаптары жөнінде түсіндірме жұмысы** жүргізіледі.

Толығырақ ақпарат
**www.sk-trust.kz** сайтында

SAMRUK KAZYNA TRUST

# **БІЗДІҢ** СЕРІКТЕСТЕР

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕР

Қазақстан Республикасының
Үкіметі және Парламенті

# ҚОҒАМДЫҚ СЕРІКТЕСТЕР

Замандас 21

# Ақпараттық серіктестер

## Телеарналар:

## Ақпараттық агенттіктер және электрондық БАҚ:

## Басылымдар:




**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**
Қазақстан Республикасы
Астана қ., Қонаев көш.,8
Б блогы, 3257 кеңсесі, 010000

**БАЙЛАНЫС:**
+7 (7172) 576 898
info@sk-trust.kz

SAMRUK
KAZYNA
·TRUST·
ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ
ДАМЫТУ ҚОРЫ

Астана қ., 2016